


МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ КЕН ОРНЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

*Мадимарова Г.С., Сулейменова Д.Н.
әл –Фараби атындағы ұлттық университеті*

Мұнай мен газдың мол қоры Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Ақтөбе және Батыс Қазақстан аймақтарында шоғырланған. Мұнай елімізде бірінші рет 1899 жылы Қарашұңгілдегі Ембі кен орнындағы мұнай ұңғысынан (скважина) атқылады. Ал 1911 ж. Доссор, 1915 ж. Мақат кен орны пайдалануға берілді. Бұл кен орындарына алпысыншы жылдары Маңғыстау түбегіндегі Өзен мен Жетібай қосылды. Кейінірек олардан да қуатты Қаражамбас пен Қаламқас, Теңіз (Атырау облысы), Кеңкияқ және Жаңажол (Ақтөбе облысы), Қарашығанақ (Батыс Қазақстан облысы) пен Құмкөл (Қызылорда облысы) кен орындары ашылды. Қазір Қазақстанда мұнай мен газ шоғырланған 14 алап және 207 кен орны бар. 1999 жылы Қазақстан қойнауынан алғашқы отандық мұнай алынғанына жүз жыл толғаны тойланды.




1-сурет. Мұнай және газ кен орындарының 1913-2015 жылдары аралығындағы мониторингі

Бүгінде республиканың жылына (2016ж.) шамамен 50,2 млн мұнайы шет елге шығарылады. 2000 жылы Атыраудың солтүстік шығысында 45 км жерде Каспий қайраңында Қашаған мұнай кен орны ашылды. Ол соңғы 30 жылдағы дүние жүзіндегі ең ірі кен орны. Геологиялық қоры 4,8 млрд

тоннаға бағаланды. Жалпы Қазақстандағы мұнай қорының болжамы 20-25 млрд тонна. Қазақстандағы жалпы газ қоры 6 трлн м3. Дүние жүзінде он екінші орын алады. Соның 70%-ы Қарашығанақтың үлесінде.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы (ҚМГ) – Қазақстанның мұнай-газ саласында мемлекет мүдделерін білдіретін, көмірсутегілерді барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау жөніндегі қазақстандық оператор.




2-сурет. 2009-2015 жылдар аралығындағы мұнай және газ өнеркәсібі

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы (ҚМГ) – Қазақстанның мұнай-газ саласында мемлекет мүдделерін білдіретін, көмірсутегілерді барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау жөніндегі қазақстандық оператор.


«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы Жарлығы негізінде «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясын және «Мұнай және газ тасымалдау» ұлттық компаниясын біріктіру жолымен құрылған. ҚМГ акцияларының 90 пайызы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі. ҚМГ акцияларының 10 пайызы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне тиесілі.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы көмірсутегілерді барлау мен өндіру, оларды тасымалдау мен өңдеуден бастап мамандандырылған сервистік қызметтерді көрсетуге дейін толық өндірістік циклді жүзеге асыратын вертикальді интеграцияланған мұнай-газ компаниясы болып табылады.

ҚМГ өз алдына ұлттық мұнай-газ саласын дамытуға қатысуынан Қазақстан Республикасы үшін барынша көп пайда алу мақсатын қояды.



3-сурет. 2018 жылға дейінгі “ҚазМұнайГаз” компаниясының мұнай және газ өнеркәсібіне мониторингі



4-сурет. 1991-2018 жылдар аралығындағы кезең ішінде Қазақстан Республикасында мұнай өнімдерін өндіру, мың тонна

Мониторинг жүргізу және алдын –ала болжау арқылы біз алда келе жатқан келеңсіздіктерді жоямыз. Олардың алдын – алу мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырамыз. Жер асты қазба байлықтарының орнын анықтап, қорын анықтауда арақашықтықтан зерделеу арқылы мониторинг жүргізудің маңызы өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
2. Қазақша энциклопедия
3. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. ISBN 9965-34-515-5
4. Қазақстан табиғаты:Энциклопедия / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы:" Қазақ энциклопедиясы" ЖШС, 2011. Т.3. - 304 бет.